

Кімге: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне
Кімнен: «Абай облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
бас маманы Джакупова Гульмира Сайпашевнадан
Орындау күні: 08.11.2024 ж.

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Еліміздегі жұмысшы мамандардың тапшылығы және оның шешу жолдары.

Кілт сөздер: жұмысшы мамандар, тапшылық, мемлекеттік тапсырыс, біліктілік, шешу жолдары.

Жұмысшы мамандар тапшылығы қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық мәселелердің маңызды бір бөлігі болып табылады. Бүгінгі демографиялық жағдай, пандемия, жұмысшы мамандардың тапшылығы еңбек нарығының сипатына айтарлықтай әсер етіп, оның жаңа үлгісі қалыптасуына ықпал етті. Жұмысшы маманының тапшылығынан еңбек ресурстарының тапшылығына тап болдық. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары» жылы деп жариялады. Президент өз Жолдауында техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажеттігін айшықтап, жұмысшы мамандықтарына жастарды тарту керектігін атап өтті. Сондай-ақ, өз ісінің мамандарының арқасында ұлтымыздың жаңа сапасы қалыптасатынын баса айтты. Үкімет басшысы экономиканың орнықты өсуі мен жаңа өндірістерді ашу кезінде елімізде білікті жұмысшылардың жетіспейтінін, білікті кадрлар даярлау – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы болып қала беретініне назар аударды.

Президент алдағы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялау арқылы ауыл шаруашылығы және өндіріс, басқа да секторлардағы мамандардың маңызын айшықтай түсті. Бұл жолдау елдің экономикалық тұрақтылығын нығайтып, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған. Осыған орай, Оқу ағарту министрлігі Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін трансформациялаудың кешенді жоспарын әзірлеп, енгізді. Осы құжаттың негізінде Абай облысының білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы түрлі іс-шараларға жұмыс берушілердің қатысуын қамтамасыз ететін іс-шаралар жоспарын жасады.

Қазақстанда жұмысшы мамандықтарын даярлау мәселесі бүгінгі таңда аса өзекті болғандықтан, жұмысшы мамандығы бойынша жылдан жылға мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі ұлғаюда. Еліміз бойынша 2024 жылы мемлекеттік тапсырыспен қабылданған білім алушылардың саны 145 мыңға жетсе, Абай облысы бойынша 33 техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында 21 500 студент, оның

ішінде 14 557 студент мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алуда.

Абай облысы құрылған 2 жыл ішінде мемлекет тарапынан облыстың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына берілген тапсырыс көлемі төмендегідей:

жылы	Жалпы тапсырыс көлемі	Орта буынға берілгені	игерілгені	Жұмысшы мамандығына берілгені	Игерілгені
2023	5500	3140	3104	2396	2396 (100%)
2024	5900	3826	4235	2074	1665(80%)
Барлығы	15934		10058	4470	4061 (90%)

Кестеден біз мемлекеттік тапсырыстың көлемі жылдан-жылға ұлғаюын көріп отырмыз. 2023 жылы 5500 орынның 3140-ы орта буынға, 2396-ы жұмысшы мамандығына беріліп, игерілу 100 пайызға орындалса, ағымдағы жылы 2024 жұмысшы мамандығының 80 пайызы ғана орындалды. Оның себебі: жұмысшы мамандығына деген мемлекет тарапынан сұраныс болғанымен мектеп түлектерінің жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылықтары өте төмен. Себебі, Қазақстандағы көптеген жастар әлі де жұмысшы мамандықтарын таңдауға қызығушылық танытпайды. Бұл әлеуметтік стереотиптер, дәстүрлі түрде жоғары білім алу қажеттілігі туралы түсінікпен байланысты. Жұмысшы мамандықтарына деген көзқарасты өзгерту үшін білім беру жүйесін реформалау қажет.

Биыл "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ сарапшылары кадрлар тапшылығы мәселесін зерделеп, 2024-2030 жылдарға болжам жасады. Осы зерттеуге сәйкес, аталған кезеңде Қазақстанға қажетті қызметкерлердің жалпы саны 1,8 миллион адамды құрайды. Оның ішінде жоғары білімі бар қызметкерлер — 494 мың, техникалық және арнайы білімі бар қызметкерлер — 1 миллион (оның ішінде 400 мың жұмысшы мамандығы). Біліктілігі жоқ басшылар мен қызметкерлерге шамамен 300 мың адам қажет.

Салалар бөлінісінде ең көп жұмыскерлер: білім беру салаларында — 331 мың, сауда — 228 мың, құрылыс — 213 мың, денсаулық сақтау — 128 мың, әкімшілік — 119 мың, көлік және сақтау — 116 мың. Бұған ауыл шаруашылығы — 114 мың, өңдеу өнеркәсібі — 108 мың кіреді.

Аталған фактілер бойынша келесі қорытынды жасауға болады:

- Жұмысшы мамандықтарын даярлау Қазақстан экономикасының болашағы үшін маңызды бағыт болып табылады. Ал берілген

ақпараттарға жүгінсек елімізде жұмысшы мамандарына деген қажеттілік болғанымен, кадр тапшылығы үлкен экономикалық апатқа әкелуі мүмкін.

- Еңбек адамдарының, соның ішінде жұмысшы мамандықтардың мәртебесін арттыру мақсатында Оқу-ағарту министрлігі бірнеше бағытты қамтитын жол картасын әзірледі. Сондай-ақ сарапшылар кәсіптік білім беру колледждеріндегі оқу бағдарламалары мен МТБ зерттеп, оқу бағдарламаларын өзгертіп, 70%-ке жуық мамандықтардың оқу материалдық базалары жаңарту керек деген қорытындыға келді. Сарапшылардың пайымынша, жұмысшы мамандықтарға әлеуметтік қолдау да күшейтілу керек және жалақыларын көтеру басты назарда болуы қажет. Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім беретін саланың жаңа үрдісін, ол сала біздің экономика талаптарына байланысты, өндіріске қажетті мамандар дайындай алатын заманауи сала болып қайта құрылуы қажет. Осындай мақсатымызға жету үшін біраз мәселелерді шешуге тура келеді. Бірінші кезекте ол – кәсіби білім беретін оқу-бағдарламаларын қайта қарастыру, әлемдік алдыңғы қатарлы оқу-бағдарламаларын енгізу.

Жұмысшы мамандар тапшылығының негізгі себептері:

- Жұмысшы мамандығында оқу беделді емес.
- Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі базаларының заманауи өндіріс талаптарымен қамтылмауы.
- Өндірістің автоматтандырылуы мен жаңартылуы нәтижесінде жоғары технологияларды меңгерген жұмысшыларға сұраныс артты.
- Жұмысшы мамандықтарына тарту үшін мемлекеттік қолдау, арнайы бағдарламалар мен ынталандыру шараларының жоқтығы.

Жұмысшы мамандар тапшылығының теріс салдары:

- Өндіріс орындарында еңбек күшінің жетіспеуі
- Жоғары білікті мамандардың тапшылығы.
- Жұмысшылардың техникалық дағдылар мен өндірістік тәжірибенің болмауы.
- Шетелдік жұмыс күшін тарту.

Жұмысшы мамандар тапшылығын жою үшін арнайы бағдарламалар қабылдау қажет. Мұнда бірнеше маңызды ұсыныстарды атап өтуге болады:

- Жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру.
- Колледждер мен кәсіптік оқу орындарының оқу бағдарламаларын еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай жаңарту.
- Жұмысшы мамандықтары үшін үздіксіз білім беру және біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруып өткізу.
- Мемлекеттік қолдау мен ынталандыру: талапкерлерге мемлекеттік гранттар, стипендиялар және қаржылық қолдау көрсету арқылы кәсіптік білім алуға деген ынтасын арттыру.

- Шетелдік тәжірибені енгізу: Жұмысшы мамандықтарын даярлау саласында қолданылып жатқан тәжірибелерді зерттеу және енгізу. Мысалы, Германия мен Швецияда жұмысшы мамандарды даярлаудың жүйелі жолдары мен дуальді оқыту жүйесін тиімді қолдануға болады.

Әлемдегі көптеген дамыған елдердің жұмысшы мамандар тапшылығын шешу жолдарын мысалға алатын болсақ:

1. Дуалды білім беру моделі: Германиядағы дуалды білім беру моделі кәсіпорындар мен білім беру мекемелерінің ынтымақтастығын нығайтуда. Студенттер оқу барысындағы теориялық білімдерін практикамен ұштастырады.
2. Кәсіби оқыту бағдарламалары: Австралия, Канада мен АҚШ сынды елдерде мемлекеттік бағдарламалар арқылы білікті мамандарды даярлау үшін арнайы бағытталған курстар мен сертификаттау жүйелері іске асырылуда.
3. Халықаралық миграциялар: Көптеген елдерде білікті мамандарды тарту үшін визалық жеңілдіктер берілуде. Мысалы, Сингапурда IT және ғылым саласындағы мамандарға арнайы визалар ұсынылған.

Жұмысшы мамандар тапшылығын жою жолдары:

- Техникалық және кәсіптік білім: Мамандықтарды қайта даярлау және қысқа мерзімді курстар ұйымдастыру арқылы жұмысшылардың біліктілігін арттыру. Бұл кәсіпорындардың қажеттіліктеріне сәйкес мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

- Жастарды тарту: Жастарды кәсіпкерлік, инновациялық және техникалық мамандықтарға тарту үшін мектеп қабырғасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын арттыру. Бұл бағытта ашық есік күндерін, кәсіпорындарға экскурсиялар мен семинарларды ұйымдастыру маңызды.

- Мемлекеттік қолдау: кәсіпорындарға білікті кадрларды дайындау үшін субсидиялар мен гранттарды ұсыну. Мысалы, оқу орындарымен серіктестікті дамыту мақсатында мемлекет тарапынан қолдау көрсету.

- Жұмыс нарығын зерттеу: Еңбек нарығын зерттеу мен мониторинг жүргізу арқылы мамандарға сұраныс пен ұсынысты зерттеп, қажетті өзгерістер мен жаңашылдықтарды енгізу.

Қорытындылай келе, жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру үшін оқу орыны мен жұмыс орны арасындағы байланысты мемлекеттік тараптан кешенді түрде нығайту жұмыстары жүргізілу керек. Жұмысшы мамандықтарының айлығын көтеру, тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету, мемлекет тарапынан осы сала мамандарына назар аудару сынды біршама жұмыстарды қолға алу уақыт күттірмейтін мәселе. Жұмыспен қамту мәселелерін тиімді шешу үшін бірқатар шаралар қабылдау, соның ішінде заңнамалық тұрғыда қабылдану керек. Атап айтқанда жұмыс берушілер, жұмыспен қамту органдары мен оқу орындары арасындағы

өзара қарым-қатынастардың бірыңғай жүйесін жасақтау қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – 2024.
2. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің материалдары/ ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайт Қазақстандағы жастар жұмыссыздығы, www.inform.kz
3. Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А. Дағдарыс жағдайында Қазақстан Республикасының еңбек нарығының жағдайы мен даму болашағы // Экономика и статитика - 2015. - №1. - С. 45-50.
4. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: enbek.gov.kz
5. Назарова, Л. А. (2019). Жұмысшы мамандықтар тапшылығы: экономикалық факторлар мен еңбек нарығындағы жағдай. Қазақстан Республикасының еңбек нарығы: проблемалары мен даму перспективалары. – Алматы: Экономика, 89-101 б.
6. Құлымбетова, Б. Р. (2020). Қазіргі еңбек нарығындағы жұмысшы мамандықтар тапшылығы және оны шешу жолдары. Жаңа экономикалық идеялар, 5(2), 45-56.
7. Қырықбаев, С. Ш., Түсіпбеков, А. Р. (2021). Қазақстандағы жұмысшы мамандықтар тапшылығы және кәсіби даярлық мәселелері. Қазіргі экономикалық зерттеулер, 4(3), 99-110.